



**Балаға қатысты зорлық** – бұл дене немесе эмоционалды қатал қарым-қатынас, сексуалды қорлық, қаңғыбастық немесе ата-ана міндеттерінен ауытқу, коммерциялық немесе басқа да қанау, баланың денсаулығына, дамуына немесе намысына, сеніміне зиян келтіретін барлық формалардың түрлері. Бала құқығы туралы Конвенция балалардың барлық зорлық түрлерінен қорғалуға құқығы бар, балаларға қатысты зорлық көлемінің ауқымын мойындайды және көрсетеді. Зорлық деген сөздің астарында ұрлау, балалар өлімі, өлім, дәстүрлі тәжірибеге байланысты жарақат алу, сондай – ақ жыныстық, психикалық және тұлғалық балаларға қатысты «тәртіп шаралары» сияқты тұлғалық жазалауды қосқанда қиянат жасау түсінігі жатыр. Балалардың құқығы туралы Конвенция балаларға қатысты зорлықтың қандай түрі болсын, қай жерде болсын ешқандай ақтала алмайды дейді. Конвенцияға сәйкес балалардың «тұлғалық және психологиялық зорлықтың кез-келген түріне» тұлғалық және жеке қол сұғылмаушылыққа құқығы бар. Конвенция зорлықтың барлық түрі зиянды және баланың өміріне кері әсерін тигізетінін мойындайды. Зорлық көрген балалар көбінесе дұрыс тамақтанбайды да түрлі ауруларға душар

болады, мектепте нашар оқиды, өзін-өзі бағалауы төмен болады.

Конвенцияға сәйкес балаларға қатысты зорлық көрсету адам құқықтарының бұзылғандығын көрсетеді.

Зорлық-зомбылық келесі құқықтарды бұзады:

- заң алдында бәрінің бірдей қорғалуын;
- қатал қарым-қатынасқа берілмеу құқығын;
- өмір сүруге және жеке өміріне қолсұғылмашылық құқығын;
- тұлғалық және психологиялық денсаулықтың жоғары стандарттыры құқығы.

Зорлық-зомбылықтың құрбандары – отбасында, білім беру және қорғаншылық мекемелерінде (физикалық, жыныстық, психологиялық зорлық, кемсітушілік немесе қиянат жасаушылық, қамқорлықтың болмауы, дөрекі қарым- қатынас пен қанаушылық) жағдайға тап болған балалар.



## **Зорлық – зомбылық түрлері**

### **1. Физикалық зорлық:**

Соққы, жармасу, алақанмен немесе жұдырықпен не болмаса басқа да нәрселермен ұру, ешқайда шығармау, тұншықтыру, соққыға жығу, ұрып – соғу, қару- жарақ қолдану, отпен зақымдау, әлеуметтік немесе медициналық көмектің жәбірленушіге қолжетерлік жағдайда болмауы және т.б.

### **2. Жыныстық зорлық:**

Күшпен, қорқыту немесе бопсалау арқылы жыныстық қатынасқа көндіру, зорлау; жыныстық қатынастағы әрекет арқылы жәбірленушінің денсаулығына қиянат жасау және т.б.

### **3. Психологиялық зорлық:**

Сөзбен кемсітушілік, бопсалау, құрбандарға және басқаларға өзіне қатысты зорлыққа қоқанлоқы, жеке заттар мен үй жануарларына қатысты зорлық арқылы қорқыту; анду; жәбірленушінің қызметін бақылау; жәбірленушінің араласатын ортасын бақылау; жәбірленушінің әр түрлі орындарын (әлеуметтік және медициналық көмегін, жолкөлігін, достарымен араласуын, білім алуын, жұмысын және т.б.) бақылау.

**4. Эмоциялық зорлық:** жәбірленушіні өзін кемсітетін әрекеттерге күшпен көндіру, жәбірленушінің күн тәртібіне бақылау жасап отыру т.б.

### **5. Экономикалық зорлық:**

Балаларды қамтамасыз етуден бас тарту; табысты; отбасылық қаражатты оң- солды жұмсау, көптеген қаражаттық шешімдерді өз бетімен қабылдау ( азық – түлік алуда балалардың қажеттіліктері есептелмейді).

**6. Балалар еңбегін қанау:** күшпен жұмыс істету, құлдық, қорқытып алу, қайыршылық



Сексуалдық және отбасылық зорлықтың құрбаны болған балаларға көмектесетін ең дамыған қызметтер жүйесі Канада мен АҚШ-та. Соңғы 10-15 жыл ішінде Ұлыбритания, Швеция, Финляндия, Швейцария, Германия, Италия, Дания, сондай-ақ Иордания, Израиль және ОАР сынды елдерде балаларға қатыгездікпен қарауды айқындауға, оңалтуға және алдын алуға бағытталған бағдарламалар кең тарала бастады. Айталық, 1995 жылдың мамыр айында Осло қаласында «Бүгін алдын алу – емдеу өте кеш болуы мүмкін!» деген ұранмен балаларға қиянат жасаудың және оларды кемсітудің алдын алу жөнінде 5-ші Еуропалық конференция болып өтті. Сондай-ақ, соңғы бірнеше жыл ішінде, Ресей Федерациясы, Белорусь Республикасы және Украина сынды ТМД елдерінде мемлекеттік деңгейде балаларды қорғау мәселелеріне

ерекше назар аударыла бастады. Біздің елімізде баланың құқықтарын қорғайтын бірқатар заңнамалық актілер бар және бірқатар халықаралық актілер ратификацияланған. Оларға «Балаларға қатысты зорлықтың профилактикасы мен алдын алу бойынша әлеуметтік инфрақұрылымдарды Кіріспе8 Балаларды қатыгездікпен қараудан және сексуалдық пайдаланудан қорғау мониторингі 9 дамыту мәселелерін зерттеу»

**1.1. БАЛАЛАРҒА ҚАТЫГЕЗДІКПЕН ҚАРАУ СЕБЕПТЕРІ** Балаға қатыгездікпен қараудың жоғары ықтималдылығы факторлардың жиынтығымен негізделеді және қандай да бір себеппен түсіндірілуі мүмкін емес. Мұндай факторлар қатарына мыналар жатады: ата-аналарының балалық шағында қатыгездікпен қарауды бастарынан өткізуі; қылмыстық зорлыққа бейімділігін қоса алғанда, ата-аналарындағы мінез-құлықтық бұзылулар; балада қауіп-қатер факторының болуы; отбасының басынан кешіріп отырған тұрмысының қолайсыз жағдайы; елдегі күрделі әлеуметтік-экономикалық өзгеріс кезеңдері және т.б. Жоғарыда аталған келеңсіз факторлар ата-аналардың алаңдаушылығын тудырады, балаға деген сүйіспеншіліктің қалыптасуын бұзады, бұл ең соңында қатыгездікпен қарауға әкеліп соғады. Бүгінгі күнге дейін балаларға қатыгездікпен қараудың себептерін түсіндіретін әмбебап теория жасалмаған. Алайда қатыгездікпен қарауды қандай да бір нақты ғылым (әлеуметтану, психология, медицина және т.б.) шегінде қарастыратын көптеген жеке

теориялар бар. «Балаларға зорлық көрсету адамның жеке ерекшеліктерін және қоғам дамуының сатысын сипаттайтын әлеуметтік және психологиялық факторлардың кешенінен туындайтын тек «адамның» проблемасы болып табылады»

